



Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің, қаржы полициясы мен өртке қарсы қызмет органдарының арнаулы атақтар берілген және оларға Қазақстан Республикасының заңнамасында ішкі істер органдары қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын қызметкерлеріне зейнетақы төлемдерін тағайындау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 1 шілдедегі N 634 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 23 ақпандағы N 138 Қаулысымен.

Қаулының күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 23 ақпандағы N 138 Қаулысымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

ЕСКЕРТУ. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.30. N 662 қаулысымен .

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің, қаржы полициясы мен өртке қарсы қызмет органдарының арнаулы атақтар берілген және оларға Қазақстан Республикасының заңнамасында ішкі істер органдары қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын қызметкерлеріне зейнетақы төлемдерін тағайындау ережесі бекітілсін.

ЕСКЕРТУ. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.30. N 662 қаулысымен .

2. Осы қаулы 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 1 ш і л д е д е г і

№ 6 3 4 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі

комитетінің, қаржы полициясы мен өртке қарсы қызмет органдарының арнаулы атақтар берілген және оларға Қазақстан Республикасының заңнамасында ішкі істер органдары қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын қызметкерлеріне зейнетақы төлемдерін тағайындау ережесі <*>

ЕСКЕРТУ. Тақырыпқа және кіріспеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.30. N 662 қаулысымен .

Осы әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің, қаржы полициясы мен өртке қарсы қызмет органдарының арнаулы атақтар берілген және оларға Қазақстан Республикасының заңнамасында ішкі істер органдары қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын қызметкерлеріне зейнетақы төлемдерін тағайындау ережесі (бұдан әрі - Ереже) " Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңына сәйкес әзірленді.

1. Қызмет өткерген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындауды мынадай тиісті мемлекеттік органдар:

1) Қарулы Күштерде, әскери прокуратура, төтенше жағдайлар жөніндегі органдарда және олардың бөлімшелерінде қызмет өткерген әскери қызметшілерге - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;

2) ішкі істер, қаржы полициясы, өртке қарсы қызмет органдарында және олардың бөлімшелерінде қызмет өткерген әскери қызметшілер мен қызметкерлерге - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;

3) ұлттық қауіпсіздік органдарында қызмет өткерген әскери қызметшілерге - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті;

4) Президенттің Күзет қызметінде қызмет өткерген әскери қызметшілерге - Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі;

5) Республикалық ұланда қызмет өткерген әскери қызметшілерге - Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы;

6) Арнаулы атақтары бар, қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерінде қызмет өткерген тұлғаларға - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.30. N 662 қаулысымен .

2. Ереженің 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдар әскери қызметшінің, органдар қызметкерінің жұмыстан босатылған күніндегі қызмет өткергендігін және ақшалай үлесінің мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесін, сондай-ақ Ереженің 3-тармағында көрсетілген құжаттарды қабылдауды жүзеге

асыратын тиісті құрылымдық бөлімшелерді, оның ішінде ведомстваларды немесе аумақтық органдарды (бұдан әрі - бөлімшелер) анықтайды.

3. Қызмет өткерген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындауға өтініш білдірген тұлға тұрғылықты жері бойынша бөлімшеге мынадай құжаттарды береді:

- 1) белгіленген үлгідегі өтініш (қосымшаға сәйкес);
- 2) жеке куәлігінің көшірмесі;
- 3) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгендігі туралы құжат;
- 4) әлеуметтік жеке код (ӘЖК) берілгендігі туралы куәліктің көшірмесі;
- 5) берілген салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТН) туралы құжаттың көшірмесі;
- 6) банк мекемесінде зейнетақы шотының (карт шотының) ашылғандығы туралы құжаттың көшірмесі;
- 7) 3,5 х 4,5 фотосурет - 2 дана.

4. Бөлімше Ереженің 3-тармағында көрсетілген құжаттарды қабылдап және Ереженің 2-тармағына сәйкес анықталатын тізбеге сәйкес құжаттарды талап етіп, олар түскен күннен бастап он күн мерзімде зейнетақы төлемдерін тағайындауды жүзеге асыратын тиісті мемлекеттік органдарға жібереді.

5. Бөлімше Ереженің 3-тармағында көрсетілген құжаттар берілмеген не толық емес немесе дұрыс емес мәліметтерді қамтитын құжаттар берілген жағдайда зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтінішті қабылдамайды.

6. Мемлекеттік орган барлық қажетті материалдарды алған күннен бастап он күн мерзімде қызмет өткерген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындауды жүргізеді, заңнамада белгіленген тәртіппен қызмет өткерген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушының мәртебесін растайтын ресми құжат болып табылатын куәлікті береді.

7. Қызмет өткерген жылдары үшін тағайындалған зейнетақы төлемдерін төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің, қаржы полициясы мен өртке қарсы қызмет органдарының арнаулы атақтар берілген және оларға Қазақстан Республикасының заңнамасында ішкі істер органдары қызметкерлері үшін

белгіленген тәртіп қолданылатын
қызметкерлеріне зейнетақы төлемдерін
тағайындау ережесіне қосымша <*>

ЕСКЕРТУ. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.30. N 662
қаулысымен .

(қызмет өткерген жылдары үшін

зейнетақы төлемдерін тағайындайтын

орган атауы)

Зейнетақы тағайындау (жаңарту) туралы

ӨТІНІШ

индексі _____ облысы/қаласы
_____ қаласы (ауданы) _____ ауылы (селосы)
_____ көшесі, (ш/ауданы)
_____ үй _____ пәтер тел. _____ мекен-жайы бойынша
тұратын _____
(өтініш берушінің әскери (арнайы) атағы, Т.А.Ә.)

Банктің N _____ филиалы Зейнетақы есеп шоты N _____
Байланыс бөлімшесі _____

СТН _____

ӘЖК _____

Жеке басты куәландыратын құжат: сериясы _____ N _____

Қашан және кім берді _____ ж. " _____ "

Маған қызмет өткерген жылдарым үшін зейнетақы төлемдерін
тағайындауыңызды (жаңартуыңызды) сұраймын.

Бұрын _____ алдым (қазіргі кезде аламын немесе жаңадан (иә,
ж о қ)

тағайындалды) _____

(қай органнан және қандай, зейнетақының мөлшері, ал

егер төлеу тоқтатылса, онда қай уақыттан)

Өтінішке: _____

_____ қоса беріп отырмын.

Өтініш берушінің қолы _____ 200 _____ ж. " _____ "

Өтініш 200_____ж. "_____"_____ қабылданды.
Құжаттарды қабылдаған тұлғаның Т.А.Ә., лауазымы:_____

Мемлекеттік қызметке әскери (арнайы) атақ, сыныптық шен беріле отырып алынған кезде, сондай-ақ тіркелім мекен-жайы өзгерген кезде зейнетақы төлемдерін тағайындаған органға бес күндік мерзімде, ал Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұруға кеткен кезде дереу хабарлауға міндетті екендігім туралы хабардармын.

Өтініш берушінің қолы _____ 200_____ж. "_____"_____